

№12 жалпы білім беретін мектебінде білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды және тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша
Анықтама

Қаралатын орны: директор жанындағы кеңес

Күні: 17.09.2025ж

2025-2026 оқу жылында №12 жалпы білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрыққа (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.04.2023 ж. №95 бұйрығы) 10-қосымшаға сәйкес «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленушіні және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес №12 жалпы орта білім беретін мектебінде білім алып отырған жекелеген санаттағы балаларды 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамту мақсатында 2025 жылдың 26 тамызында мектепшілік тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай-комиссия) құрамын, сондай-ақ білім алушылардың мектеп асханасында тиімді және сапалы тамақтануына басқала жауапты мамандарды бекіту, ауыз су режимін ұйымдастыру және тыйым салынған тамақ өнімдерін мектеп асханасында пайдаланбау туралы бұйрықтар қабылданды.

Бұйрықтарда 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығына сәйкес бастауыш 1-4 сынып білім алушыларының тегін тамақтануы, комиссия құрамы 9 (тоғыз) адамнан құрылғаны, сондай-ақ тамақтандыру жұмысына жауапты мамандардың бекітілгені және мектептің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында үздіксіз мониторинг жүргізіліп отырылуы көрсетілді.

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес мектептің әлеуметтік қызмет мамандары тарапынан 2025 жылдың тамыз айында атқарған жұмыстарының нәтижесінде бүгінгі күні бастауыш 1-4 сыныптар аралығында білім алатын 339 білім алушы мен жекелеген санаттағы, 5-11 сыныптар аралығында оқитын 50 білім алушы, жалпы саны 389 (үш жүз сексен тоғыз) білім алушы 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап 1 ауысымда мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамтылады.

Мектепте аз қамтылған отбасы балаларының санаттары және жас ерекшеліктеріне қарай тізім жасакталып, оқушылардың төмендегі сандық мәліметі.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес, тегін ыстық тамақты ұйымдастыруға 2025 жылдың 2 қыркүйегіндегі бала саны

**№12 жалпы білім беретін мектебінде білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды және тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша
Анықтама**

Қаралатын орны: директор жанындағы кеңес

Күні: 06.10.2025ж

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі №95 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылармен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша 2025-2026 оқу жылында №12 жалпы орта білім беретін мектебінің асханасында бүгінгі күні жекелеген санатта 36 отбасынан шыққан 49 (қырық тоғыз) білім алушы, жалпы саны **389** білім алушы тамақтануда.

02.09.2025 жылы мектеп директоры бекіткен 2025-2026 оқу жылында жекелеген санаттағы білім алушыларды тегін және атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес **2025 жылдың 5-6 қазан күндері** мектеп асханасында тамақтанып отырған 340 бастауыш 1 – 4 сынып білім алушылары және жекелеген санаттағы 49, сонымен қатар олардың ата – аналарынан мектеп асханасындағы тамақтың сапасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Сауалнамаға 1-11 сыныптар арасынан жалпы саны білім алушы қатысты. Сонымен қатар қазақ сыныптарынан 13 ата – анадан, , жалпы саны 23 ата-анадан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы төмендегі нәтижені көрсетті:

№	Сұрақтар	Жауаптар саны	Сапалық көрсеткіш %
---	----------	---------------	---------------------

«Тағамға балалардың көзқарасы»

1	Біздің мектептің асханасында тамақтың дайындалуы саған ұнайды ма?	389	100 %
2	Сен қаншалықты жиі мектеп асханасында тамақтанасың? а) күнделікті б) кейде в) асханаға бармаймын, қымбат	227 152 18	63,3 % 42,3 % 5,0 %
3	Қандай тағамның түрлері саған ұнайды?	359	100 %
4	Ыстық тағам сенің оқу үлгеріміңді жақсартады деп ойлайсың ба?	341	94,9 %
5	Дұрыс тамақтанбаудың қандай ауруларға аппаратындығын білесің бе, олардың атауларын келтір	318	88,1 %

«Тағамға ата – аналардың көзқарасы»

Тегін ыстық тамақпен қамтылатыны	1-4 сынып							5-11 сынып						
	Тұл жетім ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балалар	Мемлекеттік атаулы көмек алуға құқылы бар отбасы балалары	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;	Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар	Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңес айқындайтын өзге де санаттарына жататын балалар	1-4 сыныптары 5 бағандағы балалар қосындысы	Барлығы	Тұл жетім ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балалар	Мемлекеттік атаулы көмек алуға құқылы бар отбасы балалары	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;	Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар	Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңес айқындайтын өзге де санаттарына жататын балалар	5-11 сыныптары 5 бағандағы балалар қосындысы	Барлығы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
389		18			24	297	339	2	29			19	50	50

Жинақталған барлық құжаттар жинағы қыркүйек айында мектептің Ұлттық білім беру деректер қоры базасына енгізіліп, жалпы білім алушыларды мектеп асханасында тамақтандыру жұмысы алдағы мектеп әкімшілігі және алқалық орган мүшелері тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағаланатын болады. Өз кезегінде балалардың үздіксіз тамақпен қамтылу жұмысы 2025 жылғы 8 қаңтардағы келісім-шартқа байланысты өнім беруші Койайдаров Сапарғали Бактияровичқа міндеттелді.

Өз кезегінде комиссия құрамы жұмыс мақсатына сай әр апта соңында мектеп асханасына мониторинг жүргізіп, мониторинг нәтижесі ай соңында комиссия отырыстарында қаралып, тиісті шешімдер қабылданатын болады.

Әрбір оқу жылында білім алушыларды мектеп асханасында тамақтандыру жұмысы бойынша барлық атқарылған іс-шаралар жиынтығы үздіксіз мектептің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында салынып отырылатын болады.

Ұсыныс: 1. Білім алушыларын 1 ауысымда тиімді және сапалы тамақтандыру үшін мектеп әкімшілігі тарапынан тамақтану кестесі жасалып, кезекшілік ұйымдастырылсын. Білім алушылардың мектеп асханасында тегін тамақпен қамтылуы бекітілген кезекшілер мен сынып жетекшілер тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағалансын.

2. Комиссия жұмысы жандандырылсын. Жұмыс бағыты күшейтілсін.

3. Мектептің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында оқу жылы бойы үздіксіз мониторинг жүргізілсін.

Дайындаған. Әлеуметтік педагог
Абдиманапов Рақымжан

№12 жалпы білім беретін мектебінде білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды және тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша Анықтама

Қаралатын орны: директор жанындағы кеңес
Күні: 03.11.2025ж

№12 жалпы орта білім беретін мектебінің тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссиясының (әрі қарай- комиссия) 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес **2025 жылдың 11 қарашада** №12 жалпы орта білім беретін мектебінің мәжіліс залында **комиссияның қараша айындағы кезекті отырысы өтті.**

Отырысқа №12 жалпы орта білім беретін мектеп директоры Р Жунускулова апайымыз комиссия мүшелері, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, барлығы 13 адам қатысты. Отырыс хатшысы Р Абдиманапов болды.

Отырыс **комиссия төрағасының** алғы сөзімен, қатысушыларды отырыстың күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырумен ашылды. Төраға өз сөзінде республиканың кейбір білім беру ұйымдарының асханаларында санитарлық талаптардың өрескел бұзылып, анықталған жайсыз жағдайларға байланысты бүгінгі күні министрлік және тиісті қадағалау мекемелері тарапынан мектеп асханаларында санитарлық талаптарды сақтау жұмысының, яғни аталған комиссия жұмысының да күшейгенін айтып өтті.



Отырыста келесі болып сөз алған мектеп асханасында тегін тамақпен қамтылу жұмысына жауапты маман, **директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н Усенова** қараша айында мектеп асханасында бастауыш 1-4 сынып оқушылары мен 5-11 сынып аралығында оқитын, жалпы саны 389 білім алушы бір мезгіл тегін тамақтанды, асхананың материалдық жабдықтармен қамтылу мен санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша ұйымдастырылған **қараша айындағы комиссия тексерістері «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы, "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан**

1	Мектеп тағамын ұйымдастыру жүйесі Сізді қанағаттандырады ма?	29	100 %
2	Сіз мектеп ыстық тағамының ұйымдастырылуын ұтымды санайсыз ба?	29	100 %
3	Балаңызға мектеп асханасында тамақтану ұнайды ма?	29	100 %
4	Әрдайым асханада мектеп ас мәзірімен танысу мүмкіндігіңіз болады ма?	14	48,2 %
5	Мектеп асханасының жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстарыңыз	18	62,3 %

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мектеп асханасындағы тағам өнімдерінің сапасын анықтау мақсатында алынған сауалнама қорытындысы бойынша мектеп асханасынан тамақтанатын жалпы 389 білім алушыдан қойылған сұрақтарға жауап алынды. Сонымен қатар 36 ата – анадан алынған сауалнама қорытындысы бойынша мектеп асханасының **тамақ сапасы қанағаттанарлық** деген шешім қабылданды.

Ұсыныс:

1. Мектеп асханасындағы тамақтың сапасын қадағалау мақсатындағы аткарылатын жұмыс бағыты жоспарға және санитарлық талапқа сәйкес жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Мектеп асханасындағы білім алушылардың тамақтануы тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераж) комиссия тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағалансын.
3. Мектеп асханасында тегін тамақпен қамтылған 389 білім алушының тамақтануы сынып жетекшілері мен бекітілген кезекшілер тарапынан оқу жылы бойы қатаң қадағалансын

Мектеп директоры

Р Жунускулова

Орын.әлеуметтік педагог Р Абдиманалов

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығына сәйкес жүргізілді деді.

Мәжілісте келесі болып сөз алған комиссия мүшесі, мектептің әлеуметтік педагогы **Р Абдиманапов** комиссияның мониторингі барысында асхана қоймасында, ас дайындау бөлмесі мен тамақтану залында санитарлық талаптардың сақталмауы бойынша бірнеше кемшіліктер анықталып, анықталған кемшіліктерді шұғыл және 5 жұмыс күнінде аспазшы

У Сидикова тарапынан жойып отырылды. Бүгінгі күні аудандық білім ошқтарында тегін тамақтанатын жекелеген санаттағы білім алушыларға ата-аналары арқылы ваучер алу жұмысы қарқынды жүргізіліп отыр деп айта келе база бойынша аталған жұмыс бағытына сынып жетекшілерде белсенді атсалысуда. Жекелеген санаттағы білім алушыларды мектептің ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) енгізу жұмысы толық аяқталып, ақпараттық бағдарламалық кешен (АБК) орнатылған аудандық мектептермен қатар мектепте «Е.Асхана» порталына білім алушыларды енгізу жұмысы жүргізілуде деп баяндады

Комиссия баяндамашылардың сөзін тыңдап, қорыта келе отырыс соңында кемшіліктердің жойылуы бойынша атқарылатын жұмыс қызмет көрсетуші мердігердің қатысуымен атқарылсын. Мектептің интернет ресурсының «Мектептік тамақтандыру» айдарында оқу жылы бойы үздіксіз мониторинг жүргізілсін. Білім ошағында жауапты мамандар тарапынан ваучермен жұмыс жасау, бейне сәйкестендіру, мектепке арналған бизнес әмиянға тіркелу бизнес әмиянды орнату жұмыстарын жүргізу, орнату мақсатында ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп пысықталсын. Атқарылатын жұмыс бағыты комиссия тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз қадағалансын. Мектепте «Е.Асхана» порталына білім алушыларды енгізу жұмысы жандандырылып, шешімін табуға барлық жағдай жасалсын. Шешімнің орындалуын қадағалау директордың оқу-тәрбие ісі және шаруашылық жөніндегі орынбасарлары Н Усенова мен Р Абдиманаповқа жүктелсін. деген шешімдер қабылдады.

Дайындаған. Әлеуметтік педагог
Абдиманапов Рақымжан

**№12 жалпы білім беретін мектебінде білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін
тамақтандыруды және тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі
комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша
Анықтама**

Қаралатын орны: директор жанындағы кеңес
Күні: 23.12.2025ж

№12 жалпы орта білім беретін мектебінің тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссиясының (әрі қарай- комиссия) 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес **2025 жылдың 23 желтоқсан күні** №12 жалпы орта білім беретін мектебінің мәжіліс залында **комиссияның желтоқсан айындағы кезекті отырысы өтті.**

Отырыста мектеп директоры Р Жунускулова апайымыз комиссия мүшелері, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, барлығы 13 адам қатысты. Отырыс хатшысы Р Абдиманапов болды.

Отырыстың **комиссия төрағасы А Данияров** алғы сөзімен, қатысушыларды отырыстың күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстыруымен ашылды. Төраға өз сөзінде республиканың кейбір білім беру ұйымдарының асханаларында санитарлық талаптардың өрескел бұзылып, анықталған жайсыз жағдайларға байланысты бүгінгі күні министрлік және тиісті қадағалау мекемелері тарапынан мектеп асханаларында санитарлық талаптарды сақтау жұмысының, яғни аталған комиссия жұмысының да күшейгенін айтып өтті.

Желтоқсан айы ішінде әлеуметтік педагог тарапынан мектеп асханасында әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуына жүйелі түрде бақылау жүргізілді. Атап айтқанда, аз қамтылған отбасынан шыққан, көпбалалы отбасы балалары, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, қамқоршылықтағы және өзге де әлеуметтік осал санаттағы оқушылардың мектеп асханасында тегін немесе жеңілдетілген тамақпен қамтамасыз етілуі қадағаланды.

Оқушылардың әлеуметтік мәртебесіне сәйкес тамақтану тізімдері қайта қаралып, деректер жаңартылды. Мектеп әкімшілігімен және асхана қызметкерлерімен бірлесіп, тамақтану процесінің белгіленген кестеге сай ұйымдастырылуы, балалардың толық қамтылуы және тамақтану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуы бақылауға алынды.

Сонымен қатар, асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына, тағам сапасына, тағамның берілу тәртібіне және оқушылардың денсаулығына кері әсер ететін жағдайлардың алдын алуға срекше көңіл бөлінді. Тамақтану барысында оқушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етіліп, кемсітушілікке жол берілмеді.

Желтоқсан айында оқушылардың қысқы мезгілдегі денсаулығын нығайту, суық тию ауруларының алдын алу мақсатында ыстық тамақтың маңыздылығы түсіндіріліп, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылармен профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Қысқы демалыс қарсаңында балалардың тұрақты әрі қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету мәселелері ата-аналармен талқыланды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде мектеп асханасында әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың тамақтану құқықтары толық сақталып, әлеуметтік жағдайына байланысты қиындықтардың алдын алу қамтамасыз етілді.

Желтоқсан айында мектеп асханасының жұмысын тексеру мақсатында құрылған комиссия мектеп асханасының қызметін зерделей отырып, төмендегідей қорытындыға келді:

1. Мектеп асханасында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету белгіленген кестеге сәйкес ұйымдастырылған.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар (аз қамтылған, көпбалалы, жетім және қамқоршылықтағы балалар) тегін немесе жеңілдетілген тамақпен толық қамтылған.
3. Тамақтану тізімдері әлеуметтік педагог тарапынан уақытылы жаңартылып, асхана қызметкерлерімен келісілген.
4. Асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптар, тағам сапасы және қауіпсіздік ережелері негізінен сақталған.
5. Оқушылардың тамақтану барысында құқықтарының бұзылуы анықталған жоқ.

Комиссия шешті:

Мектеп асханасының желтоқсан айындағы жұмысы **қанағаттанарлық** деп бағалансын.

Асхана қызметі алдағы уақытта да санитарлық талаптарға сай тұрақты бақылауда ұсталсын.

Әлеуметтік педагог пен асхана меңгерушісіне әлеуметтік осал санаттағы оқушылардың тамақтануын үздіксіз қадағалау тапсырылсын.

Шешімнің орындалуын қадағалау директордың оқу-тәрбие ісі және шаруашылық жөніндегі орынбасарлары М Турманова мен Р Абдиманаповқа жүктелсін. деген шешімдер қабылдады.

Дайындаған. Әлеуметтік педагог
Абдиманапов Рақымжан